

**Астана қаласы әкімдігінің «№72 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
жалпы ата-аналар жиналысының
Хаттамасы**

Өту орны: №72 мектеп-лицей, А.Байтұрсынов 25

Күні мен уақыты: 28 сәуір 2025 жыл, сағат 19.00

Қатысқан ата-ана саны: 185 ата-ана, 40 сынып жетекші

Күн тәртібінде:

1. **2024-2025 оқу жылының қорытындысы, білім алушыларды қорытынды аттестаттан өткізу мерзімдерін айқындауы.** (оқу ісі орынбасарлары: Сандыбаева Майра Жаксылыковна, Ан Ольга Дмитриевна)
2. **Мектеп бюджетінің орындалуы.** Заңсыз ақша жинауға тыйым салу. (Мектеп директоры Дюсенова Айман Жумағалиевна)
3. **Мұғалімдердің әдістемелік жұмысы мен оқушылардың ғылыми жетістіктері.** (Жакупова Татьяна Шариповна, Жетмекова Сауле Сериковна)
4. **Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.** Мектеп жанындағы лагерь туралы ақпарат. (оқу ісі орынбасары Тажимаева Гульнар Кайырбековна)
5. **5-11 сынып оқушыларының жазғы демалысының ұйымдастырылуы. Үйірмелер жәрмеңкесі.** («Жасыл ел» еңбек жасағы, «Кітап LIKE», «Дидарлы жаз» спорттық лагерь және мектепте ашылатын бейіндік және спорттық үйірмелер». (тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Конабаева Ж.О.)
6. **Жазғы демалыс уақытындағы оқушылардың техникалық қауіпсіздік ережелерімен таныстыру** (орт, су, жолда жүру) Конабаева Гульнара Галымжановна
7. **«Қамқоршылық», «Әкелер» кеңесі жұмысының жылдық қорытындысы.** (Кожасметов Шыңғысхан Шопанұлы)

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі І-ші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сандыбаева М.Ж. мектеп оқушыларының 3 жылдық контингенті мен білім сапасына тоқталып, биылғы оқу жылында 9,11 сыныпты аяқтайтын «Алтын белгі» -2 оқушы, 11 сыныптар бойынша «Үздік асстестат»-11, 9 сыныптар бойынша «Үздік аттестат»-12 оқушы иегер екенін атап өтті. 2024-2025 оқу жылының аяқталу мерзімдерін, білім алушыларды қорытынды аттестаттан өткізу мерзімдерін айқындалуын айтып өтті. 9 сыныптар үшін 29 мамыр мен 10 маусым аралығында төрт (қазақ тілі, алгебра, орыс тілі және таңдау пәні) пәннен мемлекеттік емтихан тапсыратынын айтып өтті.

Ал 11 сыныптар үшін 30 мамыр мен 16 маусым аралығында бес (қазақ тілі, алгебра, Қазақстан тарихы, орыс тілі және таңдау пәні) пәннен мемлекеттік емтихан болатынын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі ІІ-ші мәселе бойынша мектептің директоры Дюсенова А.Ж. мәлімдеме жасады. Өз сөзінде Айман Жумағалиевна «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы «іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңын, сондай-ақ «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 5 наурыздағы № 07-04-30/389 хатын басшылыққа алып, ата-аналардан мерекелік іс-шараларға, педагогтерге сыйлық алуға, ақша жинауға, сондай-ақ жеткізушілерден және өзге де тұлғалардан сыйлықтар алуға және ата-аналардан заңсыз ақша жинауға және сыйлықтар алуға жол берген педагогтерге заңға сәйкес шара қолданатынын айтып өтті. Сонымен қатар, мектептегі бюджеттің орындалуына тоқталып өтті. Мұнда кеңсе заттарына, тұрмыстық- шаруашылық заттарға, интернет қызметі,

коммуналдық қызметке және педагогтердің еңбекақысына бөлінген қаражат бойынша есеп беріп өтті.

Күн тәртібіндегі III-ші сұрақ бойынша мектептің бейіндік жөніндегі орынбасары Жакупова Т.Ш. мұғалімдер мен мектеп оқушыларының аудандық, қалалық, республикалық әртүрлі пәндік, шығармашылық жарыстардағы нәтижелері мен зерттеу жобаларының жетістіктерін атап өтті. Қала мектептерінің арасында 2024-2025 оқу жылында пән олимпиадалары арасынан мектебіміз «Ең үздік физика-математика бағытындағы мектеп» номинациясымен 2-ші орынды иеленгенін айтты.

Күн тәртібіндегі келесі сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тажибаева Г.К. 1-4 сыныптар аралығында мектеп жанындағы «Жаз-2025» тақырыбында «Балдырған» лагері ұйымдастырылатындығын айтты. Лагерь айдың 02.06 мен 13.06 аралығында 10 күн 1-2 сыныптар үшін ұйымдастырылып, 06.06-27.06 аралығында 3-4 сыныптар үшін 10 күндік болатынын айтты. Жазғы лагерь барысында бастауыш сыныптан 15 мұғалім және пән мұғалімдері (ағылшын тіллі, шахмат, денешынықтыру, информатика) жұмыс жасайтындығын, лагерьге оқушылар бір күндік тамақтың ақшасын төлейтіндігін, бір күнге 800 теңге екенін айтты. Жалпы лагерь барысында балалар таңғы жаттығудан бастап, сағат 13:00 ге дейін мектепте болады. Апта барысында бір күн қалаға экскурсияларға шығады. Бұл күнгі өтілетін шараның, автобустың ақысын ата-аналарға жүктелетінін ескертті. Бармайтын балалар болса, мектепте басқа шараларға қатысады. Қалған 4 күн мектепте спорттық сайыстар, өнер сайысы, шебер қолдар, ашық аспан астындағы кітапхана, көңілді спорттық эстафеталар, театрлық қойылымдар, түрлі көңілді ойындар, жарыстар ұйымдастырылады. Сонымен бірге балалардың шығармашылық шеберліктерін шыңдайды. Әр ата ана міндетті түрде баланы уақытында жіберіп, уақытында қарсы алу сұралатындығын, баланың өмір қауіпсіздігін сақтау керектігін айтты. Лагерь басшысы Оспанова Анар Сериковна, көмекшісі Социалова Д.С.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.О.Копбаева 5-10 сыныптар үшін жазғы демалыс уақытында қала маңындағы «Барап, «Еркем-ай», «Балалықтың бойтұмары» атты ақылы лагерлер бойынша ақпарат берді. Биылғы оқу жылында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасылардан жазғы сауықтару лагеріне 40 баланы жіберу жоспарланып отырғанын да айтып өтті. Мектепте көгалдандыру жұмыстары бойынша оқушыларды «Жасыл Ел» практикалық жұмысқа және 5-8 сыныптар үшін «Дидарлы жаз» спорттық лагеріне қабылдау жүргізіліп жатқандығын айтты. Сонымен қатар 1-10 сыныптарға арналған «Кітап LIKE» лагері ашылатындығын, «Ең сұлу», «Арт дизайн» секілді шығармашылық орталықтар мен спорттық «футбол», «волейбол», «каратэ» алаңдары жаз бойы жұмыс жасайтындығын жеткізді.

Күн тәртібіндегі келесі сұрақ бойынша С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университетінің бас кампусының меңгерушісі Айдос Сергазыевич Шарипжанов отбасы құндылықтарына тоқтала отырып жазғы демалыс уақытында оқушыларды буллинг, кибербуллингтен, құқық бұзушылықтан сақтанудың жолдарын өмірлік мысалдармен жеткізе отырып, балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін сұрады. Оның ішінде мәдени орындарда, демалыс және сауықтару орталықтарында, үйде, қоғамдық орындарда балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігін айтты.

Соңғы сұрақ бойынша мектебіміздің «Әкелер кеңесі» мен «Қамқоршылық» кеңесінің оқу жылында атқарған жұмыстарымен Кожахметов Ш.Ш. сөз сөйледі. 2024-2025 оқу жылында өткізілген іс-шаралар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделгенін, отбасы құндылықтары бойынша ата-аналарға арналған сабақтар, қаржылық сауаттылық бойынша курстар, Ашық есік күндері, «Қамқор» жобасы аясында өткізілген

қайырымдылық шаралары бойынша тоқталып өтті. Ата-аналардың мектеп өміріне белсене қатысуын сұрады.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестаттауы 125 бұйрыққа сәйкес 9-11 сыныптарда өз деңгейінде өткізілсін. Сандыбаева М.Ж.
2. Мектептің қаржы есебі «Қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Оқушылардың пәндік және шығармашылық жетістерін қолдау мақсатында спонсорлық көмек көрсету бойынша меценаттарды тарту жұмыстарын қолға алсын. Жауапты: Қамқоршылық кеңесі.
4. Жазғы демалыстың ұйымдастырылуы (мектеп жанындағы лагерь, профильдік лагерь, спорттық лагерь) жоспарға сәйкес жүргізілсін. Сыныптық ата-аналар жиналысында берілген ақпараттарды жеткізсін. Жауапты: Тажибаева Г.К., Аманова А.А., Копбаева Ж.О., 1-11 сынып жетекшілер
5. Сынып жетекшілер сынып сағаттарында және ата-аналар жиналыстарында жазғы демалыс уақытында қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша нұсқаулықтар жүргізсін. Жауапты: Копбаева Ж.О., Аманова А.А., 1-11 сынып жетекшілер.
6. Мектептің «Қамқоршылық» кеңесі мен «Әкелер» кеңесі 2025-2026 оқу жылында «Ата-аналарды қолдау» орталығының жұмысына қолдау жасасын.

Мектеп-лицей директоры



Дюсенова А.Ж.

Хатшы



Тырнакбаева К.С.